



БЕКІТІЛДІ
зерттеу кеңесінің шешімімен
(Хаттама № 3 26.01.2021 ж)

ЕРЕЖЕ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КОНКУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Ақтау, 2021

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
2	АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
3	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
4	СҒЗЖ КОНКУРСЫНЫҢ I КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
5	СҒЗЖ КОНКУРСЫНЫҢ II КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
6	ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ
7	ҚОСЫМШАЛАР

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Есенов университетінде СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

1.2 Осы Ереже мына негізде жасалынған:

1) "Білім туралы" 27.07.2007 жылғы Қазақстан Республикасының заңы (01.04.2019 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

2) Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми - зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар негізінде жүзеге асырылады;

3) Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің 06.04.2020 № 11933-1943 бұйрығымен бекітілген "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕ АҚ Жарғысы;

4) Есенов университетінің ішкі нормативтік актілері.

2. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

СҒЗЖ конкурсы	– Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жыл сайын өткізетін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық жыл сайынғы конкурсы
СҒЗЖ	– студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары
Есенов Университеті, Университет	– "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕ АҚ
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ОӘК	– оқу-әдістемелік кеңес
ПОҚ	– профессор-оқытушылар құрамы

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық жыл сайынғы конкурсын (бұдан әрі - СҒЗЖ конкурсы) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының базасында жыл сайын өткізеді.

3.2 СҒЗЖ конкурсының негізгі міндеттері:

- студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу

4. СҒЗЖ КОНКУРСЫНЫҢ І КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1 СҒЗЖ республикалық конкурсы 3 кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең - ЖОО ішіндегі;
- екінші кезең - базалық ЖОО-да (ОӘК);
- үшінші (қорытынды) кезең – республикалық.

4.2 I кезеңді (ЖОО ішіндегі) өткізу мерзімі ЖОО ректорының бұйрығымен қазаннан 1 қаңтарға дейін, II кезең (ОӘК базалық ЖОО-да) қаңтардан 1 сәуірге дейін, III кезең (республикалық) ағымдағы жылдың сәуірінен маусым айына дейін айқындалады.

4.3 СҒЗЖ байқауына ЖОО студенттері мен студенттік ұжымдары қатыса алады.

4.4. СҒЗЖ конкурсына жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың басым бағыттары мен өзекті проблемалары бойынша студенттердің өз бетінше орындаған аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

4.5 СҒЗЖ конкурсының I кезеңіне ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша ЖОО студенттері жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтар бойынша қатысады.

4.6 Конкурстың I кезеңін ұйымдастыру үшін университеттің факультеттерінде (мектепте, академияда) зерттеу және даму жөніндегі вице-президент бекітетін конкурстық комиссиялар құрылады. Конкурстық комиссияның құрамы конкурстың тиісті бөлімдері бойынша қалыптастырылады және жетекші ғылыми ұйымдардың өкілдерін, университеттің ПОҚ-ын қамтиды.

4.7 СҒЗЖ (ЖОО ішіндегі) конкурсының I кезеңінің қорытындысы бойынша Университеттің конкурстық комиссиясы Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін үздік СҒЗЖ-ны іріктейді және Ғылым және зерттеу басқармасына жібереді.

4.8 Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсыну кезінде тиісті бөлім бойынша Ғылым және зерттеу басқармасына келесі құжаттар жолданады:

- ғылыми жұмыс (қағазды және электронды тасымалдағышта - CD диск);
- ғылыми жұмыстың андатпасысы (қосымша 1);
- ғылыми жетекшінің орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы пікірі (еркін нысанда);
- автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер (қосымша 2);
- СҒЗЖ конкурсының I кезеңінің конкурстық комиссиясының хаттамасы (қосымша 3).

Ғылыми жұмысқа ғылыми жұмыс нәтижелерін енгізу туралы актілер (актілердің көшірмелері), патенттердің, ғылыми мақалалардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобалар, егер оларда ғылыми жаңалық болса немесе олардың нәтижелерін өндіріске немесе оқу процесіне енгізу көзделсе, конкурсқа ұсынылуы мүмкін.

Жеке мөрленген **пакетте** автор (авторлар) туралы және жұмыстың ғылыми жетекшісі (жетекшілері) туралы мәліметтер ұсынылады. Егер жұмысты авторлық ұжым орындаса, авторлардың тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес ұсынылады.

4.9 Ғылым және зерттеулер басқармасы бірінші кезеңнің қорытындылары туралы зерттеу және даму жөніндегі вице-президенттің қолы қойылған ілеспе хатты рәсімдейді және жұмыстарды конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін базалық жоғары оқу орындарының ОӘК-не жібереді.

5. СҒЗЖ КОНКУРСЫНЫҢ II КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 СҒЗЖ конкурсының II кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін Есенов университетінің президент-ректоры бұйрығымен конкурстың тиісті бөлімдері бойынша жетекші ғылыми ұйымдардың өкілдерін, университеттің ПОҚ-ын қамтитын конкурстық комиссиялар құрылады.

5.2 СҒЗЖ конкурсының II кезеңінің қорытындысы бойынша Университеттің ОӘК конкурстық комиссиясы СҒЗЖ жыл сайынғы республикалық конкурсының СҒЗЖ бағалау критерийлеріне сәйкес үздік СҒЗЖ іріктейді (қосымша 4).

5.3 Жеңімпаздар туралы шешім ОӘК отырысында комиссия құрамының 2/3 қатысуымен ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.4 Конкурстың III кезеңіне қатысу үшін үздік СҒЗЖ ұсыну үшін университеттің ОӘК конкурстың тиісті бөлімі бойынша Ғылым және зерттеу басқармасына келесі құжаттарды жолдайды:

- университеттің ОӘК конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасы (қосымша 5), оның барлық мүшелерінің қолы қойылған;
- байқау қорытындысы бойынша мәліметтер базасы толтырылған дискета;
- дипломдармен марапаттауға ұсынылған университет студенттерінің жұмыстарына бөгде ұйымдардың рецензиялары;
- ғылыми бөлімдегі байқау жұмыстарының мазмұны мен тақырыбы бойынша қысқаша аналитикалық материал.

5.5 Есенов университетінің ОӘК конкурстық комиссиясы СҒЗЖ конкурсының әрбір бөлімі бойынша жүлдегерлерді келесі тәртіпте марапаттауға ұсынады:

1 орын үшін - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломымен (бір жұмыстан артық емес);

2 орын үшін - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі дипломдарымен (екі жұмыстан артық емес);

3 орын үшін - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломдарымен (үш жұмыстан артық емес).

5.6 Ғылым және зерттеу басқармасы конкурстың III кезеңіне қатысу үшін үздік СҒЗЖ-ны конкурстың тиісті бөлімі бойынша ҚР БҒМ республикалық комиссиясына жібереді.

5.7 Конкурстың III кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі оның барлық мүшелерінің қолы қойылған тиісті хаттамамен рәсімделеді.

5.8 СҒЗЖ республикалық конкурсының қорытындылары республикалық комиссияның хаттамалық шешімі негізінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

5.9 Студенттердің конкурсқа ұсынылған ғылыми жұмыстары қайтарылмайды.

6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және оның күші жойылғанға дейін қолданылады.

Ғылыми жұмыстың аңдатпасы

1. Атауы
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
3. ЖОО
4. Жұмыстың аяқталу жылы
5. Жұмыс көлемі: _____ с.
6. Қосымшалар саны: _____ с.
7. Суреттер саны: _____ с.
8. Кестелер саны: _____ с.
9. Әдебиет көздерінің саны: _____

Жұмыстың сипаттамасы:

1. Жұмыстың ғылыми мақсаты

2. Жасалынған зерттеулердің әдістері

3. Ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері (ғылыми, тәжірибелік)

4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану жөніндегі құжаттардың болуы (иа, жоқ)

Автордың қолы

МӘЛІМЕТ
СҒЗЖ конкурсына ұсынылған жұмыстың авторы және ғылыми жетекшісі
туралы

АВТОР

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Курс
5. Мекен-жайы

ЗЖ бойынша вице-президент
Ғылыми жетекші
Жұмыстың авторы

(қолы)
(қолы)
(қолы)

ХАТТАМА
СҒЗЖ конкурстық комиссиясы

_____ ЖОО бөлімі

бойынша _____

Бөлім бойынша СҒЗЖ-ның конкурстық комиссиясы _____
ЖОО ректорының бұйрығымен бекітілген _____ жыл

№ _____ саны _____ адам.

Комиссия отырысына қатысқандар _____ адам.

СҒЗЖ конкурсына _____ жыл бөлімі бойынша _____
түсті _____ жұмыс (_____ студенттер, _____ ғылыми
жетекшілері)

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарап, ЖОО-ның конкурстық комиссиясы
марапаттауға ұсынуға шешім қабылдады:

1. I дәрежелі министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
2. II дәрежелі министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
3. III дәрежелі министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
4. ЖОО-ның ақшалай сыйлықтарымен _____ жұмыс

Бұдан әрі автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген
жұмыстардың тізбесі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____

Конкурстық комиссияның хатшысы _____

Комиссия мүшелері _____

СҒЗЖ жыл сайынғы республикалық конкурсы студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалау критерийлері

№	СҒЗЖ бағалау критерийлері	Балдар
1.	Таңдалған тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы	9
2.	Мәлімделген тақырыптың және жұмыс мазмұнының сәйкестігі	5
3.	Жұмыстың мақсаты, міндеттері және нәтижелерінің сәйкестігі	9
4.	Автордың тақырып бойынша әдебиеттермен танысу дәрежесі	8
5.	Жұмысты дайындау кезінде пайдаланылған дереккөздердің саны, өзектілігі және дұрыстығы	13
6.	Тапсырмаларды шешуде таңдалған әдістермен, әдістері мен тәсілдерінің орындылығы	10
7.	Жұмыстың практикалық (тікелей зерттеу) бөлігінің көлемі	20
8.	Алынған нәтижелерді талдай білу	10
9.	Өз пікірін қалыптастыру және дәлелдеу	5
10.	Баяндау тілі	3
11.	Терминологияны меңгеру деңгейі	5
12.	Жұмысты жобалау сауаттылығы (графиктер, суреттер, диаграммалар және т.б.)	3
ЖИЫН		100

ХАТТАМА
СҒЗЖ конкурстық комиссиясы

_____бөлім бойынша базалық ЖОО (ОӘБ)

Бөлім бойынша СҒЗЖ-ның конкурстық комиссиясы _____
базалық ЖОО (ОӘБ) ректорының бұйрығымен бекітілген _____жыл
№ _____саны _____адам.

Комиссия отырысына қатысқандар _____адам.

СҒЗЖ конкурсына _____жыл бөлімі бойынша _____
түсті _____студент жұмыстары, _____ЖОО-нан

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарап, базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы
марапаттауға ұсынуға шешім қабылдады:

5. I дәрежелі министрлік дипломдарымен _____работ
6. II дәрежелі министрлік дипломдарымен _____работ
7. III дәрежелі министрлік дипломдарымен _____работ
8. ЖОО-ның ақшалай сыйлықтарымен _____работ

Төменде автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген студенттердің
жұмыстарының тізімі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____
Конкурстық комиссияның хатшысы _____
Комиссия мүшелері _____